

2012 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында Қордай ауданы бойынша Қазақстан Республикасының азаматтарын кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру туралы

Күшін жойған

Жамбыл облысы Қордай ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 18 сәуірдегі № 205 қаулысы. Жамбыл облысы Қордай ауданының Әділет басқармасында 2012 жылғы 20 сәуірде 6-5-142 нөмірімен тіркелді. Қаулысының қабылдау мерзімінің өтуіне байланысты қолдану тоқтатылды (Жамбыл облысы Қордай ауданы әкімі аппаратының 15.11.2013 № 05-1357 хаты)

Ескерту. Қаулысының қабылдау мерзімінің өтуіне байланысты қолдану тоқтатылды (Жамбыл облысы Қордай ауданы әкімі аппаратының 15.11.2013 № 05-1357 хаты).

Р Қ А О е с к е р т п е с і :

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

«Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 16 ақпандағы Заңының 27 бабына, «Белгіленген әскери қызмет мерзімін өткерген мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шығару және Қазақстан Республикасының азаматтарын 2012 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында мерзімді әскери қызметке кезекті шақыру туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2012 жылғы 1 наурыздағы № 274 Жарлығына және «Белгіленген әскери қызмет мерзімін өткерген мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шығару және Қазақстан Республикасының азаматтарын 2012 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2012 жылғы 1 наурыздағы № 274 Жарлығын іске асыру туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 12 наурыздағы № 326 Қаулысына сәйкес Қордай ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Әскерге шақыруды кейінге қалдыруға немесе босатуға құқығы жоқ он сегіз жастан жиырма жеті жасқа дейінгі ер азаматтарды, сондай-ақ оқу орындарынан шығарылған, жиырма жеті жасқа толмаған және әскерге шақыру бойынша әскери қызметтің белгіленген мерзімдерін өткермеген азаматтарды 2012 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында мерзімді әскери қызметке шақыру

ж ү р г і з і л с і н .

2. Азаматтарды әскери қызметке шақыруды жүргізу үшін аудандық шақыру комиссиясы келесі құрамда құрылсын:

Үйсiмбаев Еркін Құлымбайұлы	-	Қордай ауданы әкімінің орынбасары, комиссия төрағасы;
Джанабердиев Бауыржан Советұлы	-	«Жамбыл облысы Қордай ауданының Қорғаныс істері жөніндегі бөлімі» мемлекеттік мекемесінің бастығы, төраға орынбасары (келісім бойынша);
Комиссия мүшелері:		
Тойбаев Ринат Еділбекұлы	-	«Жамбыл облысы Ішкі істер Департаментінің Қордай аудандық ішкі істер бөлімі» мемлекеттік мекемесі бастығының орынбасары, комиссия мүшесі (келісім бойынша);
Қадірбекова Зауреш Қалқаманқызы	-	«Жамбыл облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы Қордай аудандық орталық ауруханасы» шаруашылығы жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны бас-дәрігерінің орынбасары, медициналық комиссия төрайымы (келісім бойынша);
Илимбаева Гүлнара Тастыбайқызы	-	«Жамбыл облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы Қордай аудандық орталық ауруханасы» шаруашылығы жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының медбикесі, комиссия хатшысы (келісім бойынша).

3. «Жамбыл облысы Ішкі істер Департаментінің Қордай аудандық ішкі істер бөлімі» мемлекеттік мекемесіне (келісім бойынша) өздерінің құзыреті шегінде қызметке шақырудан жалтарған адамдарды жеткізуді қамтамасыз ету ұсынылсын .

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қордай ауданы әкімінің орынбасары Еркін Құлымбайұлы Үйсiмбаевқа жүктелсін.

5. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және оны алғашқы ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа е н г і з і л е д і .

Аудан әкімі

Б.Байтөле

« К е л і с і л д і » :

«Жамбыл облысы Қордай ауданының Қорғаныс істері жөніндегі бөлімі» мемлекеттік мекемесінің бастығы

Б . С . Д ж а н а б е р д и е в
2012 жыл

«Жамбыл облысы Ішкі істер Департаментінің Қордай аудандық ішкі істер бөлімі» мемлекеттік мекемесінің бастығы

М . Ө . Қ ы р ғ ы з б а е в
2012 жыл

«Жамбыл облысы әкімдігінің денсаулық
сақтау басқармасы Қордай аудандық
орталық ауруханасы» шаруашылығы
жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық
кәсіпорнының бас дәрігері
Э . Ф . З а м а н о в
2012 жыл

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК